


Қайролла МҰҚАНОВ



**САМАЙ КЕРЕЙ  
ШЕЖИРЕСІ**



Қайролла  
МҰҚАНОВ

# САМАЙ КЕРЕЙ ШЕЖИРЕСІ



Оңайсілдік Әбей Мұқанов атшебесті  
жынысын әмбебап жетекшілік  
Салынады. Астана 28.10.2014.  
*Көзтүрк*

Петропавл  
2014

УДК 825 (574)-1  
ББК 83 (5Каз-Рус)-5  
М 53

**Мұқанов Қ.**  
**М 53** Самай Керей шежіресі. Қ. Мұқанов / г. Петропавловск: Издательство «Северный Казахстан», 2014 -- 92 6.

ISBN 978-601-7247-56-4

**Солтүстік Қазақстан облыстық өлкетану мұражайы  
жанындағы «Асыл мұра» орталығы**

**Редакция алқасы:**  
Қайролла Мұқанов  
Социал Жұмабаев  
Танат Сүгірбаев


*50437*

Бұл кітапта қазактың Керей тайпасының Самай (Бәйтеке) атасынан тараған үрпактардың шежіресі берілген. Кітап қалың оқырманға, әсірепе Самайдан тараған үрпактарға арналған.

УДК 825 (574)-1  
ББК 83 (5Каз-Рус)-5

ISBN 978-601-7247-56-4

© Издательство «Северный Казахстан», 2014



*Жет атасын білген ұл  
Жеті жұрттың қамын жер.  
Өзін ғана білген ұл  
Құлагы мен жағын жер.*

***Халық мәтепі***

*Өзіңнің шыққан тегінді біл,  
Бұл туыстарды жақындыра туғеді.*

***Мұхаммед (с.ә.с.) пайғамбар***

*Шын кіріссек, үздіксіз ізденсек көмескіні ашуға,  
барды табуга болатыны анық*

***Міржақып Дулатов***

*Қанша жүрдік артын күтіп әліптің,  
Сырын неге жасырамыз алыптың?!  
Жаман болса жаман болсын, қиналмай  
Өз тарихын өзіне бер халықтың!*

***Қадыр Мырзалиев***

## KIPICPE

Соңғы жылдары, әсіресе еліміз тәуелсіздік алғаннан бері бірсыныра зиялты азаматтар өз руларының, ата-бабаларының шежіресін іздең, зерттеп кітап қып шығаруда. Бұл өте дұрыс, құптарлық іс, өйткені өз үрпағына жеті атасын үйрету атадан балаға жалғасып келе жатқан қазактың тәрбиелік дәстүрі екені аян. Мұның қандастық жағынан алғанда үлгі боларлық зор қызметі мен маңызын халқымыз ерте түсінген және осы ғұрыптан ауытқымай оны берік ұстанып келген. Біздің ата-бабаларымыз өз үрпактарына жеті атасының аты-жөнін, атамекенін өз руынан шыққан белгілі батыр, би, ақын, басқа да жақсылардың есімдерін айтып үйретіп отырган. Сонымен бірге тек жеті атандың атын атаумен шектелмей, әр ата неше ағайынды, олардың әр қайсысынан кімдер тараитынын айтып отырган. Мұның өзі туыстық белгінің ұмытылмауына, аталастар арасындағы сыйластық қатынастың берік қалыптасуына ықпал етіп отырган.

Менің 4-5 жасар кезімде әкем өзінің алдындағы жеті атасын Жанбурадан бастап үйретті және жиі-жій сұрап ұмытпауды тексеріп отырды. Оның үстіне үйге келген кісілер де: «Кәне, бала, жеті атанды айтып берші» – деп сұрайтын. Мен мактандып айтып беретінмін. Кейін мектепке барған кезден бастап ешкім сұрамайтын болды. бара-бара тіпті жеті атанды сұрау, айту қажет болмай қалдығой. Тек соңғы кезде халықтың санасы оянып, әркім ата тегін іздей бастадығой. Басқалар сияқты мен де баяғы жаттағанымды еске түсіріп, олардың арғы аталарын, яғни бүкіл ру шежіресін іздей бастадым.

Бірте-бірте жалғыз өз ата-бабаларымды гана емес, бүкіл Самай Керейдің шежіресін іздестіруге айналдым. Соңғы 15 жыл бойы іздестірудің нәтижесінде біраз атапардың шежіресі жиналды. Бұған көп адамдардың көмегі тиіді. Самайдың Жанбурасы мен Толыбайынан тарағандардың шежіресін көрші Жалтыр ауылдының түрғындары Оспанов Есен, Алдабергенов Қажығали, Байғұтдинов Жапабай ақсақалдардың жазбаларынан алдым. Өзіміздің

Ынтымақ ауылының тұрғыны 100 жастан асып қайтқан Егізбаев Жарылғап молла Толыбайдың Ақжігіт бөлігінің өкілі Салмырза атасының үрпақтарын айтып берді. Ал Құдайқұлдың Анай, Қанайдан тараған үрпақтарының біразын, (әсіресе Анайдан тарағандарды). Анайдың бір үрпағы Сыралы қызы Бикен жазып берді. Қалғаның өзім әркімнен сұрастырып, салыстырып құрастырдым. Сол сиекіті өзіміздің ауылда қоныстанған Төлеke, Жапа үрпақтарын да өзім құрастырдым. Толыбайдың көрші Жарқын ауылында тұратын үрпақтарын сол ауылдың тұрғындары Құсайынов Мінәйдардан, Байқожин Мұқанайдан, Жапылайұлы Тарабайдан жазып алдым. Бәйтекенің (Самайдың) Шуай атты баласынан тараған үрпақтардың шежіресін құрастыруға көп адамның көмегі тиді. Олар: Бостандық ауылының тұрғыны Құрманғалиұлы Серікбай ақсақал, сол Шуай әuletінің өкілдері Жақин Шәкен, Әблігазин Баймолда. Тауғаш ауылында тұратын Самайлар туралы жазушы Жақсыбай Сармат, ұстаз Тұменбай Сәрсенбаев. Бәйтекенің Жанкісі атты баласынан тарағандарды Батырбек Байболов, Құрман Таугелов жазып берді.

Мамлют ауданындағы Октябрь (Көксая) ауылындағы Самай үрпақтары жөнінде сол ауылдың тумалары Қайролла Мұқанов, Еркебұлан Мәмбетовтың жазғандарынан және икадемиктер Еренгайып Шайхутдинов пен Зейнолла Молдахметовтың шежірелерін зейнеткер Аманжол Нұртаев жазып берді. Бұлардан басқа Ақбалық ауылының тұрғындары Салмырза Төлешшұлының, Аманжол Жетпісбаевтың, Үшкөл ауылының тумалары Жолдасбай Құрманғалиұлының, Елубай Жуасбаевтың, т.б. жазбаларрын пайдаландым.

Бұларға қоса Қазақстан Мемлекеттік Оргалық архивінің, Өмбы облыстық архивінің материалдарын және жазушы Тортай Садуақасовтың «Ел мен жер» атты кітабынан біраз деректерді пайдаландым... Әрине, осылардың барлығын қайта-қайта қарап салыстырып, сұрыптап жаздым. Соның өзінде кейбір жерде бірін-бірі қайталау кетіп қалуы мүмкін. Екіншіден қаншама толықтырамын десемде әлі жетіспеген жерлері көп. Мысалы, Жанбураның Қожамқұл, Қожамберді, Сары деген балаларының үрпақтары жөнінде мате-

риал өте аз. Оның басты себебі қазактың бұрынғы кезде шежірелерді ауызша таратуы, ал сол шежірелерді білетін қариялардың дүниеден өтіп кетуі. Ал архивтерде толық жазылмаған гой. Сонда да ештеген кеш жақсы жегендей, осы жиналған деректердің өзіне тәубә деп осы кітапты жазып отырмын. Сондықтан кемшілігі болса сөге көрменіздер, құрметті оқырмандар.

Кітап мынадай тақырыптардан құралды:

Кіріспе. Қазақ шежіресі, Керей тайпасы. Керей шежіресі. Тарышыдан тарағандар. Ынтымақ ауылы. Жанбура. Құдайқұл әuletі. Қенжетайдан тарағандар. Құттымбеттен тарағандар. Төлекеге жататындар. Жапаға жататындар. Толыбайдан тарағандар. Ынтымақ ауылындағылар. Жалтыр ауылындағылар. Жарқын ауылындағылар. Бәйтеке баласы Шуайдан тарағандар. Үшкөл, Бостандық ауылдарындағылар. Тауғаш ауылындағылар. Бәйтеке баласы Жанкісіден тарағандар. Жанбура баласы Сарыдан тарағандар (Октябрь-Көксая ауылы). Осы кітапқа кірген Самайлардың ішінен шыққан белгілі адамдар. Тарихи құжаттарда есімдері аталған Самай Керей азаматтары.

Осы шежіре кітапты жазуға отырғанда мен Самай Керейдің бай тарихын жаңғыртып, қолымдағы азды-көпті деректерді қағазға түсіріп халыққа ұсынуды мақсат еткен едім. Бұл міндетті біршама орындаған сияқтымын. Қаншалықты дәрежеде және қанша дәл шыққанын енді оқырман қауым айттар деймін.

Сонымен бұл істің негізі қаланды. Оны толықтыру, жаңарту, ұмыт қалған аталарды тауып, аруакты бабаларымызды, игі жақсыларымызды шежіреде жаңғырту, сөйтіп келешек үрпаққа толық мәнді ата тарихымызды жасап қалдыру ісіне қатысқыныз келсе, қадірменді оқырман, бұл кітапты оқып шығып шкафқа қоя салмаңыз, көршінізге, естияр ағайынға, дос-жолдастарыңызға көрсетініз. Үй-інізде сақтап жүрген ата-бабаңыз туралы деректерді қайта қарап салыстырыңыз, бізге хабарланыз. Өйткені, бұкіл бір рудың шежіресін толық жазу бір кісінің қолынан келмейді. Сондықтан кейінгі жастар бұл кітапта жазылған ата-баба шежіресін жалғастырап, толықтырап деген үміттемін.

Созімді ғұлама ғалым, ақын, шежіреші Шәкәрім Құдай-  
бөрдиевтің өлеңімен аяқтауды жөн көрдім:

Бір алла бергеніңе сансыз шүкір,  
Қалған жоқ зая болып қылған пікір.  
Бітірдім түрік-қазақ шежіресін  
Болса да кемшілігі қисық, бүкір.  
Атаны атағаннан білім артпас,  
Сүйтсе де білген адам құры жатпас.  
«Қыбырлаған қыыннан шығар» деген  
Қозғалмасаң қолыннан кісі тартпас.

*Автор*

## ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ

Қазақ арасында «шежіре» сөзінің көп тараған мағынасы адамның аргы ата-бабаларынан бері қарай тарау жөніндегі мәлімет. Бұл ерте кезде көбіне жазу арқылы емес, еске сактаумен жүзеге асып келген. Атақты жерлесіміз жазушы Сәбит Мұқанов өзінің «Қазақ қауымы» атты соңғы кітапында «Шежіре деп кімдерден кімдер туып, қалай өрбігенін баяндайтын ерте заманнан атадан балаға мирас болып келе жатқан ауызша деректерді айтады», – дейді.

Әр халықтың өз тегін, қайдан шыққанын білуге деген құштарлығы, өзінің түп-тамырын тереңнен таратқысы келетіні тым әріден келе жатқан құбылыс.

Ру, тайпалардың өрбүін ұрпақтан-ұрпаққа ұластырып, жеткізіп тұратын шежіре тарқату салты мәдениетті елдердің бәрінде бар. Шежіренің көп томдық жинақтары Ресей, Германия, Англия, Франция және Шығыс елдерінде арнайы жарияланып келеді. Шежіреге ерекше көңіл бөлестіндердің бірі біздің қазақ халқы. Бірақ, өкінішке орай жазусызымыздың көп уақыт бойы кенже қалып келуі салдарынан Қазақ руладының шежіресі ұрпақтан ұрпаққа неғізінен ауызша алмасып жетіп отырған.

Қазақ ойшылдары М.Дулатидың, Қ.Жалаиридың шежірелері, Мәшіүр Жұсыптың «Қазақ шежіресі» қымбат қазыналар болып табылады. Сондай-ак, шежірені топтау ісінде 1911 жылы Орышборда басылып шыққан Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік-қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі», 1903 жылы Қазанда басылған Нұржан Наушабайұлының «Манзұмат Қазақия», Құрбанғали Халидидің 1910 жылы жарық көрген «Тауарих хамса» сияқты кітаптарының да орны бөлек.

Советтік дәүірде шыққан В.Востров пен М.Мұқановтың «Родоплеменной состав и расселение казахов (1968), «Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза» (1974), Марат Мұқановтың «Из исторического прошлого («Родословная племен Керей и Уак»)» (1998) атты еңбектерінде бірталай мәліметтер бар.

Гұламағалым Шоқан Уәлиханов «Қазақ шежіресі» деген еңбегінде: «Қазақтардың әрбір ру басылары өз ру – шынысының шежіресін, шыққан тегін, елдің әдет-ғұрып шиширын, ескі жарлықтарын, халықтың басында өткен жиідайларды көп жасаған ақсақалдардан ықыласпен үйрепін, озінің шешеніндік өнерін шындауда көптеген аңыз-әң-імдерді, мақал-мәтелдерді, маңызды оқиғаларға қатысты үлагатты асыл сөздерді ұзақ уақыт жаттайды. Сондай шишишілдігі бар билердің аузынан шыққан сөздерді халық үйін тындайды. Ол нақыл сөздердің мәні өмірдің бар салыны қамтитындағы өсіет-өнеге, тәлім-тәрбиелік, патриоттық мазмұнда болып келеді», – деп көрсетті.

«Қазақтардың адам шыққан тегін, жеті атасын білу күжет деп санайтын талабы да ғажап. Бұл талапта терең тарих, толғамды тұжырым, тәжкібе тағылым жатыр. Дәл осы тегін білуі қажеттігінің бір ғана сыры – қасиетті қара шиширақты, ата-бабаны, еке-шешені, үрпак, ұшқан ұяны, отбасы берекесі дәстүрлерін қадірлеу, құрметтей білу» – деп жазды филология ғылымдарының докторы, профессор Н.К.Сәтпаева. «Уақыт шуағы», «Влияние времени» (шашамалы мақалалар мен зерттеулер. 2 томдық. – А., «Ішілым» – 2005. 565 бет) деген кітабында.

«Орине, шежіре қазақтың тарихи кеңістігін қамтитын бірлден-бір ұлттық ғылым ретінде сақталып келді. Әйткені шежіре аталардың аттарын тізіп қана қоймайды, олардың ши көзінде атқарған тарихи іс-әрекестерін де әнгіме етеді», лейді белгілі жазушы Нұргожа Оразов.

Соңғы кездерге дейін кеңестік идеологияда шежіреде шаалатын жұз, тайпа, ру, аталар дегендер надандықтың белгісіндей көрсетіліп, жұртты рушылдыққа бөліп, кертартпашы жолға түсіретін пәле деп саналды.

Қазақстанның белгілі демограф ғалымы Мақаш Тәтімов рулық туралы былай дейді: «Руынды білу руға бөліну емес, шыққан тегінді, өз тарихынды, ата шежіренді білу ғой, жаңу-сызу сақталмаған заманда қазақ өз тарихын көкірегінде үстгады, баладан балаға жеткізді. Шыққан тегін, руын айтса, батысы Қырымдағы мен шығысы Қытайдагы қазақ та бірін-бірі тез ұғысып, білісіп жатты. Руды білудің қазір де

әбестігі жок. Руынды айтсаң, сенің географияң, кім екенің, маңдайында жазылып тұрғандай. Өйткені қазақтың әрбір руының ата қонысы белгілі, ол сол маңайда өсіп өрбиді. Мәселен, Арғын, оның ішінде Атығай, Қарауыл десен оларды Кекшеден табасың, Қарабалық-Қыпшақты Қостанай табанынан кездестіресің».

Енді біз шежіренің, ру дәстүрінің өткен кезеңде орын алғанын байқап көрейік. Сонда біз аталарымыздың көрегендігін, даналығын тереңірек сезінеміз.

Орыс халқында белгілі бір адамды тауып алу үшін оның адресін, яғни губерниясын, уезін, қаласын, көшесін, үйін анық білу керек. Ал сондай бір адамды біздің кошпелі қазактар жайлаган ұлан-байтақ даладан қалай тапқан? Аталарымыз ол үшін ол адамнан қай жүзге жататынын, оның ішінде қай тайпаға, қай руға жатып, қай атага бөлінетінін, қай ауылдан екенін біліп отырган. Сондықтан іздеуші адам өзіне керек кісіні оп-оңай тауып алатын болған. Міне, руды білудің бір пайдасы!

Екінші жағынан, халқымыз жеті атасына дейін қызы алыспаған, қан араластырмаған. Бұл басқа халықтарда жок дәстүр. Қазақ халқы некеге тұруды жеті атадан әр асқаннан кейін ғана дұрыс деп санаған. Мұның өзі бір жағынан тұқым асылдандыру сияқты. Аталарымыз осыны баяғыда-ақ білгенге ұқсайды. Және олар осы заңды қатал ұстаган, жеті атадан бері де жастарға қосылуға араластырмая, руды анық білу арқылы жүргізілген.

Сондықтан да қазақ балаға жеті атасын жаттатып отырган және сол аталардың әрқайсысының қабілет-қасиеттерін, қоғамда алған орынын сарапап білдіріп отырган. Жас бала өскен сайын жатталған, білген аталар қатары көбейе береді. Ол енді өзге руларды да ажырата бастайды. Ақырында түтел үш жүзді ажыратып, олардың атақты адамдарын да танитын болады.

Шежіренің қазіргі және келешек үрпағымызға да қажеттілігі мол. Қазақ халқындағы туыстық, жұрағаттық құдандалықтың атаулары өзге халықтардың бірінде де кездеспейді. Мысалы, біздегі бірге тұғандарды көрсететін аға, іні, апа, сіңлі, қарындас деген сөздерді орыс ағайын-

лар екі-ақ сөзбен «брат, сестра» дей салады да соған үлкен, күні сөздерін тіркейді. Бізде әке, ата, ұлы ата, баба болып жогарылад, төменге қарай бала, немере, шөбере, немене, шошыек, әлдене болып ұзарса, орыста бұлай ерекшелен-бей «пра» қосымшасы арқылы бір сөзбен қайталана береді. Ұтсан қоса бізде бөле, жиен, жиеншар, нағашы, балдыз, қайылбеке, қайнаға, қайын іні, қайын ене, қайын әже, қайын ата, бажа, құда, құдаги, құдаша, кіндік шеше сияқты жекжат, құдандалы болып кете береді.

Сойтіп, адамдар арасындағы туыстық қарым-қатынасты өйінгеліктердің сөздердің көптігі қазақ халқының ілік-жұрағат өйіншілердің сөздерін берік сактайтын белгісін танытады. «Қарға тамырлы қазақ», «Қазақ сұрай-сұрай қарын бөле болып шығады» дейтін сөз тіркестері содан шыққан. Аталарды анық білу және жеткіншекті бауырмалдыққа, туыстыққа баулитын тәрбиенің бір түрі. Жас ұрпақ сол аталарды анық біліп, оған енетін ағайындарын жақын тарту арқылы әрі қарай үлгая барып, рулық, халықтық біргіліктілік қашақтастырады да бір ел, бір жердің адамы болып, соны корғауға, соны қайткенде де бір қажеттілігімен перзенттік нарызын өтеуге бой ұрады. Бұл, әрине, аса қажетті адам-шылдасынан қасиет.

Қазір бұрынғыдай тек коммунистік идеологияның үстемдігі жоқ. Өмірге келген еркіндік, әсіресе еліміз тәу-спектрдік алғанин кейін халқымыздың ұлттық сана-сезімін өнгітти. Гасырлар бойы жиналдып, бірақ жарық дүниеге шыла алмай құлыштауды жатқан асыл дүниелерімізді қайта қарап, халқымызға таныстыруға мүмкіндік туды. Сол аспиддарымыздың бірі ата-бабаларымыздан келе жатқан шежіре. Енді тәуелсіз еліміздің беріп отырған еркіндігін өнімділікке, әркім өз жанұясының түпкі тегін, қайдан шылдасын, ата-бабасының кімдер болғанын тарих етіп жеткізсе әбестігі жоқ. Түбінде ұрпағың үтігінде өзінің кім болғаныңды білгісі келер. Әйтесе үрпақтар білгенге маржан, білмене арман ата-баба шежіресін және олардың осы кездегі жаңасын үрпактар білгенге не жетсін.

Осы күнгі жұрт қолына түскен шежірені қарап, өзінің тұкымын, өзі білетін бес-алты бабаларын іздейді, өйткені

әркім өзі өз аталарын білгісі келеді. Оның ішінде атақты ба-  
тыр болса, білікті би, айтыскер шешен, төкпе ақын, немесе  
шипагер емші, баксы-балгер, әнші, күйші, палуан, саяткер,  
зергер, тағы басқа ерекше көзге түсер адам болса. соларды  
мақтан тұтып жастар оларға еліктең өседі. Дәл сондай бол-  
маса да соларға сай болуға тырысады. Жоғарыда аталған  
өнерлерді құрмет тұтып, өз халқының өркениетін асқақта-  
ту, соны ілгері дамытар білікті жан болуға бастау болып  
табылады.

«Адам баласы өлшеулі өмір сүреді, кетеді, орнын кейін-  
гілер басады. Гұмырымыз бітісімен атымыз өшіп жатса, ең  
болмағанда жетінші атамыз пәленше екен деп бір ұрпағың  
есімінді айта алмаса, кім үшін өмір сүресің. Бұрынғылар  
зердесіне сақтап келген екен, жазу-сызуы болмады, ал біз-  
де қағаз да, қалам да, құжат та бар гой. Мен әрбір қазақ  
үйелменің жазылған өз шежіресі өз үйінің қабырғасын-  
да ілулі тұрса артық демес едім», – дейді Мақаш Тәтімов  
аталған кітabyнда. Өте дұрыс айтылған!

Жоғарыда айтылғандардың беріне сүйене отырып, біз  
де ата-бабаларымыздан бастап қазіргі ұрпакқа дейінгі  
шежірені қағазға түсіруді алдымызыға мақсат етіп қойдық.  
Бүкіл қазақтың шежіресін емес (ол қолымыздан келмес те  
еді), тек қана Керей тайпасын алуды жен көрдік. Оны да тү-  
гел қамти алмаймыз, өзіміздің қолымызыға түскен бұрынғы  
шежірелдерден, газет, журналдардан, жекелеген шежіреге  
арналған кітаптардан, архивтерден алған деректерді пай-  
даланып, осы шежірені құрастырып жазып отырмыз. Жет-  
пеген жерлерін облысымыздың білікті қарттар мен зиялы  
азаматтардан сұрап жазып алдық. Соның өзінде де барлық  
әuletter мен аталар түгел қамтылмай қалуы мүмкін.

Жалпы қазақтар үш жүзден: Ұлы, Орта, Кіші жүзден  
тұрады.

Ұлы жүзге – Үйсін, Дулат, Албан, Суан, Сары Үйсін,  
Шапырашты, Ошақты, Ысты, Сіргелі, Жалайыр, Қаңлы,  
Шанышқылы жатады.

Орта жүзге – Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Керей,  
Уақ қарайды.

Кіші жүзге – үш топтан тұратын Алшындар қарайды:

1. Байұлы (Адай, Беріш, Алшын, Жаппас, Есентемір, Тама, Байбакты, Маскар, Алаша, Қызылқұрт, Шеркеш, Іссық).

2. Әлімұлы (Әлім, Шөмекей, Кете).

3. Жетіру (Табын, Тама, Жағалбайлы, Тілеу, Кердері, Керейіт, Рамадан).

Ұлы жұздің ұраны: «Қауға беріп малға қой».

Орта жұздің ұраны: «Қалам беріп дауға қой».

Кіші жұздің ұраны: «Найза беріп жауға қой».

«Ел ырысы малды Ұлы жұзге тапсырса, пейіліне сенгені, ел жыртысы дауды Орта жұзге тапсырса, біліктілігіне сенгені, ел шырқын бұзар жауды Кіші жұзге тапсырса, ершінне сенгені», – дейді жазушы Әбіш Кекілбаев «Үркөр» романында.

Біздер Орта жұз ішінде Керей тайпасына жатамыз. Керей тайпасының ұраны Ошыбай, таңбасы ашамай. Енді Керей тайпасына көңіл аударайық.



## КЕРЕЙ ТАЙПАСЫ

Керей Орта жұз құрамындағы көне тайпалардың бірі. Көне тарихты зерттеушілер Керейлерді ертедегі керейіттердің үрпагы деп санайды. В.В.Бартольд, Б.Я.Владимирцев, т.б. ғалымдар Керейді Монгол тайпасына жатқызыса, Рашид-ад-Дин, Әбілгазы Баһадыр Хан, С.Аманжолов, т.б. оны ежелгі түрік тайпаларынан таратады.

Тарихи жазба деректемелерде Керейлер біздің заманымыздың IX ғасырынан белгілі. Рашид-ад-Дин Керейлерді Оғыз тайпасының бір бөлігі деп жазған. Аристов Керейлер Қытай тарихында IX ғасырда ұшырасатынын айтады. Керейлер ол кезде өздерінің ата жұрты сонау ерте замандарда бірсыыра түрік халықтарының қасиетті қонысы деп атап, ғажайып ата жазу мұрагаттарымыз мәнгілікке қашалып жазылып қалған, қазіргі Монгол даласы және оған ір-гелес жатқан байтақ аймақты қамтитын құтты мекеннің бір тұсы Орхон, Онғын, Керулен, Селенге, Аргұн өзендерінің бойын мекендей, жеке мемлекет құрған. Мәдениеті жоғары болып, көне түркі жазбаларын пайдаланған. Белгілі ғалым шежіреші Ислам Қабышұлы өзінін «Керейлер керуені (тарихи монографиялық қысқаша шолу) Өлгий» – 1978 ж. атты кітабында «Керей» атауы туралы былай дейді: «Керейдің «Керей» деп аталуы жер-суга байланысты айтылғанға ұқсайды. Керейлер ерте кезден бастап «Керлин» өзенінің маңын мекендейген. Содан Керейлер (Керлиндіктер) деп аталып кеткен. Ол кейін қысқарып «Керей» болып кетті дейді Керейлер тайпасының шежіресі. (Автордың жинаған Керейлер шежіоесінен). (Аталған кітап, 8 бет).

«Керей деген кері өзен деген сөзден шыққан екен» – деп жазады атақты шежіреші Сегіз сері Шакшақов.

Академик Әлкей Марғұлан Керейлер мен үнгіттердің (Уақтардың) Монгол дәүіріне дейін мәдениеті жоғары болғаны, көне түрік жазуларын пайдаланғандығы жөнінде өзінің «Таңбалы тас жазуы» атты еңбегінде былай дейді: «Алтай, Жонғар даласында, Енесейде Орхон жазуы бар құлпытастар жиі кездеседі. Олардың көбін жазған керей

мен үңгіттер». Шыңғыс хан заманы туралы теңдесі жок жылнама түзіп кеткен Рашид-адДин Керейлер құрамында Харқын, Сақант, Тонгайт, Кереит, Добаут, Албат секілді ру-лар болғанын жазған.

Керей мемлекетінің кезінде ірі де айбынды ел болғаны-на дәлел жеткілікті. Кей мәліметтер бойынша X ғасырда Керейлер 900 мыңға жуық болған. Монгол билігіне дейін Керей елін Маргужан, Құршакызы, Бұйрық, Торхан, Уан-хан сияқты хандар билеген Уаннның өз аты Тұғырыл ол өз кезінде Қытайдың Алтан ұлысына татар тайпаларын жену-ғе қомектескені үшін Қытай әміршісінен Уан хан (бір ел-дің ханы) лауазымын алған.

Тұғырыл мен Шыңғыстың әкесі Есугей батырдың бір-бірімен «андада» дос болғаны белгілі. Шыңғыс хан Монгол жүрттарының басын құрап, жас мемлекетінің шаңырағын аялаш көтерген кезде ол өз әкесінің анда-досы Уан (Тұғы-рыл) ханның қомегіне арқа сүйеді. Онымен бірге Най-мандарға қарсы соғысқа қатысты. Алайда кейін екеуінің арасында алауыздық туып, оның ақыры Шыңғыс ханның Керей мемлекетін жойып жіберуіне әкеліп соқты. Бұл 1202 жыл еді.

Бұдан кейін керейлердің бір бөлігі көршілес Найман тайпасына ауып барып, Батыс Алтай беткейі мен Зайсан колінен бастап Омбы өзеніне дейінгі аралықты, Ертістің оң жағалауын мекенdedі. Енді бір бөлігі 1218 жылы Шыңғыс ханнан жеңілген Найман, Меркіт, тағы басқа ру-тайпалар-мен бірге. Шыңғыс хан әскерінің құрамына косылып, Деш-ті Қыпшақ пен Орта Азияны жаулап алуға қатысты. Ке-рейлер Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ұлысына кірді. Кейінрек Батый хан әскерінің құрамында орыс кінәздіктерін жаулап алуға қатысты.

Тарихшылар бүгінде Қазақстанның теріскейін жайлаган крейлер сол Керей мемлекеті құйрегеннен кейін Ертісті бойлап Солтустікке қарай ығысқан бөліктен тараған ұр-шактар екенін айтады. Олар туралы «Сібір жылнама-рында» біраз деректер бар. Ол бойынша, Тұғырыл ханның «Тайбұға» деген тұқымы Шыңғыстың әмірімен Ертіс, Обь

өзендері бойындағы жүрттарды бағындырған әскерге бас-

Сенсор-Казахстан  
Фластиная библиотека  
им. С. МУКАНОВА  
г. Петропавловск

шы болып, кейін сол жерлерді Монгол империясы ханның рұқсатымен өз иелігіне алған.

XVII ғасырда Ресей отаршылдығының күшіне түсі Тобыл, Тура, Обь бойын жайлаған Керейлердің Солтүстік Қазақстан өніріне қарай қоныс аударуына мәжбүр етті.

М.Тынышбаев Керейлердің Шыңғыс ханға мойынсұнбаған бір бөлігі меркіттермен бірге Торғай даласына дейін ығысқан еді, бүтіндері Кіші жүздің Жеті руы құрамындағы Кереит тайпасы сол босқындардың ұрпағы болуы ықтимал дейді.

Ақсақ Темір жорықтары туралы жазбалардан сол кезде Керейлердің Қара Ертістен Алакөлге дейінгі аймақты мекендерегендігін де көреміз. XY ғасырдың басынан қуатты күшке айнала бастаған жоңғарлар Балқаш, Алакөл аймағындағы Керейлерді қатты бір соққыға душар етіп, жанжаққа тағы ыдыратып жібереді. Керейлердің бір тобы XY ғасырдың аяғы мен XYI ғасырдың басында Жошы тұқымы Мауараннахр мен Хорасанда билік жүргізген Мұхаммед Шайбани ханның жорықтарына да қатысқан.

Өз тарихында қылышы мен аласапыран замандарды бастан өткірген көне Керей елі кейіннен қазақ халқын құруға ат салысқан белді тайпалардың біріне айналды.

Дені қазақ ішінде қалған Керейлер Ашамайлы және Абақ болып екіге бөлінеді. Қазақ шежіресінде Абақты Керейлердің Ақылбай атты ұрпағының бәйбішесінің аты деп айтады. Ол әйелдің аты әуелі Аппак екен, келе-келе Абаққа айналған. Қазір 12 ата Абақ деп жүрген бірlestік бұрын сол Абақ бәйбішениң өзі тәрбиелеген 12 немересінен өрбіген делінеді. Ал Ашамайлының әуелгі аты Фали екен. Әкесі ашамайға мінгізіп барып келіншек алыш бергендей Ашамайлы атаныпты делінеді.

Зерттеушілер бұл ру аттарын олардың таңбаларына қастысты өрбіген атая болуы керек деген пікірге ден қояды. Ашамай қазақ тілінің түсіндірме сөздігі бойынша, «балага арналып екі қасының жоғарғы ұшы айқастырылып жасалған ер». Ру таңбасындағы «Х» әрпіне ұқсас белгі соны көрсетеді. Ал «абақ» қасқыр, түлкі секілді андарды ұстауға

шриналған көне құралдың аты. Ол аң сиятында екі бөліктен тұрады. Ал ішкі бөлікте жатқан етке ұмтылып кірген кезде жоғары қарай көтеріліп түрған сырғыма есік сарт етіп томен түсіп жабылып қалады. Осы «абак» сөзінен түрме магынасын білдіретін «абақты» сөзі шыққан.

Кезінде шежіренің кейіпкері болған тарихи тұлғаларды тамтұмдаған болса да халық жадында берік ұстап қалған. Соның айғағы ретінде занғар жазушы Габит Мұсіреповтың мына бір дерегін келтіре кетейік. Габең өзі кезінде баспада былай деп жариялаған: «Теке деген ақ сақалды, қызыл жұзді, зор денелі адам, жұзге таяп барып, біздің он беске жеткен кезімізде өлді».

Сол кісі жылда қасына көп адам ертіп алышп біздің ауылдың өлім-жітіміне бата қылышп, келін түскен үйлерге қайырылы болсын айтып кететін. Бір жолы Ботбай деген кісі сол Текеден мына өлеңді жазып алышты:

«Уа, дариға-ай, дариғай-ай,  
Байқалға барып құятын.  
Селенгені жайлаған,  
Керей деген ел едік.  
Тұғырыл деген ханы бар  
Зарлауының мәні бар.  
Қарақорым қаласын  
Тартып алышп Шыңғыс хан.  
Қатындарын ханымның  
Бөлісіп алды монғолдар.  
Бытырай қашты қайран ел  
Адыра қалды туған жер.  
Атымыздан айрылып,  
Қысық көз монғол атандық,  
Уа, дариғай-ай, дариғай-ай!»

Осы өлеңде аталатын Керей ханы Тұғырыл өз кезінде ұлы хан болғаны, Шыңғыс ханға анда болыш әкесіндегі камқорлық еткені тарихтан белгілі. Ал батыс өркениетінің оқілдері жасаған біздің жазба тарихымыздан бейхабар өткен ғасырдың өкілі іспетті Теке ақсақал. Тұғырылдай ханы

болғанын, ол кездे Керей іргелі ел болғанын жоқтап жырлап отыр Керейдің әйгілі Уан (Тұғырыл) ханы Шыңғыс ханмен табан тіресе 10 жыл шайқасқан. Әлемнің көптеген жерін азғантай ғана мерзімде басып алатын Шыңғыс ханға осыншама жыл төтеп беруі оның халқының батырлығы мен батылдығын паш етеді», – дейді жазушы Ислам Қабышұлы өзінің «Керейлер керуені» деген кітабында.



## КЕРЕЙ ШЕЖІРЕСІ

Керей шежіресін алғаш ұрпаққа мұра етіп қалдырыған Ашамайлы Керейдің Көшебе руынан шыққан атақты Толыбай сыншының әкесі Дәулен Таузарұлы болған. Бұл шежіре содан қолдан-қолға өтіп жүріп ақыры Дәулен батырдың жетінші ұрпағы Сегіз сері Баһрамұлына жеткен. Сегіз сері (1818-1854) оған өз тұсындағыларды қосып дамытқан. Сегізден кейін бұл шежірені жинап жалғастырыған Ташмұхаммед (Тәштит) (1833-1903) Тәбейұлы Барлыбаев. 1898 жылы Сегіз серінің немересі Нұрмұхаммед Мұсайынұлы (1874-1961) осы Керей шежіресін Тәштит Тәбейұлынан көшіріп жазып алғып, өз кезіндегі ұрпактарды қосып толықтырыпты. Міне, осы Нұрмұхаммед Мұсайынұлынан бұл шежіре оның ұрпағы, Қаратай Бигожин арқылы бізге жеткен.

Керей руының ата қонысы жайлы Қожаберген жырау Толыбай сыншы ұлы «Ата тек» атты дастанында былай дейді:

Атанған бабам Ғали Ашамайлы  
Өсірген мыңдал тайлақ, құлын, тайды.  
Сібірге ұрпактары қоныстанып,  
Ел болып ерте кезден қанат жайды.

Шалқар көл, ну орманды Сібір жері  
Сібірді мекен еткен Керей елі.  
Егін сап, күн көрудің қамын ойлап,  
Бас қосып, кеңес құрған би мен бегі.

Ғали (Ашамайлы) шежіре бойынша IX ғасырда өмір сүрген адам. Керей руының мекендереген жері жайлы Қожаберген жырау «Елім-ай» атты дастанында:

Мекендең Тобыл, Ертіс екі арасын  
Қазақтың күйге бөлеп ен даласын.  
Сауықшыл Орта жүздің Керей і едік  
Үш жүздің жат көрмеген еш баласын, – деген.

Керейлердің кеңпейілдігі, жомарттығы туралы Қарауылдың әйгілі ақыны әрі әншісі Үкілі Ыбырай Сандыбаев мынадай өлең шығарған екен:

Талай жыл қызығынды көрген Керей,  
Сайрандал ортаңызда жүрген Керей.  
Астыма ат, үстіме киім болған  
Атындан айналайын қайран Керей.

Бір күнде Орта жұзді араладым,  
Қармақшыдай дарияны жағаладым.  
Атығай, қарауылды қектей өтіп,  
Керейдей жомарт елді таба алмадым.

Дәүлен батырдан бері келе жатқан осы шежіре бойынша Керей – Орта жұз қазақтарының ірі тайпаларының бірі. Енді осы шежірені тұра таратсақ былай келеді:

Қазақ. Қазақтан – Жұзей. Жұзейден – Майқы би, одан – 3 бала: Ақарыс, Жанаарыс, Бекарыс. Мұндағы Ақарыс – Ұлы жұз, Жанаарыс – Орта жұз, Бекарыс – Кіші жұз. Жанаарыстан – Қабжан, одан – Жаншора. Одан – Құндыз би. Құндыз биден – 6 бала: Қара батыр, Ақбалтыр, Ақтан, Дарапқ, Семіз, Қоңыр. Ақбалтырдан – Ұсмағұл, одан 2 бала: Ошыбай, Жаубасар. Ошыбайдан – Керей батыр. Жаубасардан – Уақ. (Осыдан Керейдің ұраны – Ошыбай, Уақтың ұраны – Жаубасар болған). Керей – тайпалық одақтың түпкі атасы болып саналады.

Атығай ішінде Бәйімбет атасынан шыққан ақын Қожамбет Ордабайұлы Керей, Уақ туралы былай деп жазған екен:

Атасы Керей, Уақ – Қасымқожа,  
Кереметті жан екен басым қожа.  
Ошыбай мен Жаубасар мұнан туды  
Қалмақтың сіңірмеді асын қожа.

Керейден бір бала: Меңліқаған. Одан 2 бала: Арыстанбек, Асланбек. Арыстанбектен 1 бала: Наурызхан. Одан 2 бала: Фали (Ашамайлы), Меркіт. Ашамайлы мен Меркіттің

бірге туғандығын Қожаберген жырау «Ата тек» дастанында былай деп көрсетеді:

Әр ру шежірелерден көрінеді,  
Үрпақтар тізбектеліп беріледі.  
Ашамайлы, Меркіт боп түп негізден  
Екіге біздің Керей бөлінеді.

Ашамайлы атанған Ғалидан Керей елінің басым көпшілігі тарайды. Ғалидан – Бағдат батыр, одан – Тәбей, Көбей туады. Тәбей биден екі бала: Бабай, Әзизбек. Әзизбектен - Тұрынхан сардар. Одан – 3 бала: Жарғақ, Балдак, Коянбай. Жарғақтан 2 бала: Қажыхан, Қазихан. Қажыханнан - Әлмұхамед. Одан 3 бала: Уызбек, Уызхан, Уызбай. Уызбектен 2 бала: Қанай, Жанай батырлар. Жанайдан – Бағлан би, осы күнгі Солтүстік өнірдегі Керейлердің түп атасы болып есептеледі. Бағлан бидің бейіті Ресейдің Қорған облысының Половинка (Ақсиыр) ауданына қарасты Зверищоголовка (Бағлан) қалашығының түбінде, Тобыл өзенінің жағасындағы Керей тоғайында жатыр. 1928 жылға дейін ол жерде атақты Бағлан жәрменкесі болғаны тарихтан мәлім. Бағлан би өз заманында қазактың айтулы көсемдерінің бірі болған. Ол әрі батыр, әрі қазы болған кісі екен.

Бағлан бидің Бопай есімді әйелінен Архад, Фархад, Сарымұрат туады. Фархад батырдың Ғұләндам есімді әйелінен үш бала: Танаш, Аббас, Манас туады.

Танаш би Фархадұлы өзінен жасы кіші Өзбек ханға ақылшы болыпты. Сейтіп, ол өз заманында Алтын Орда хандығының көрнекті адамы – әділ қазы би атапты. Танаш бидің балалары: Балға, Балта, Едіге батырлар әр кезеңде Мамай, Тоқтамыс хандардың әскер басы қолбасшысы болған. Кейін олар Ақсақ Темірдің әскерін басқарыпты. Едіге батыр Әмір-Темір әскерінің тобын бастап жаумен соғысып жүргенде ауыр жарапанады. Ол сарбаздарына өзін Ұлытаудың ең биік шынына жерлендер деп өситет етеді. Ақыры сонда жерленеді.

Танаш бидің Манас есімді інісі майданда қаза болады да оның келіншегі жесір қалады. Ақылды бәйбіше Айша

ұрпақ көбейту мақсатымен қайнысының жас әйелі Сәлиманды өз ақсақалы Тоқсан биге қосады.

Танаш бидің бәйбішесі Айшадан 15 бала туады да, Сәлиманнын бір бала – Тарышы туады. Ол ел егін пісіп, тары орып жатқанда туғандықтан атын Тарышы қойыпты. Тағы бір аңыз бойынша, Сәлиман жас босанып ұл бала туғанда Айша Бәйбіше оған Тарышы деп ат қойып, «Бұл баланың ұрпағы тарыдай көп болып, өсіп-өне берсін!» – деп ақ батасын беріпті. Айша бәйбішенің аузы уәлі болып, сол кісінің батасы да, тілегі де қабыл болып, Тарышыдан көп елдер тараған.

Осы жайлар туралы Сегіз сері өзінің өлеңімен жазған шежіресінде былай деп айтқан екен:

Танаш би ел тізгінің қолына алған,  
Жұртына қамқор болып олжа салған.  
Манас деген інісі майданда өліп,  
Зайыбы Сәлимәндай жесір қалған.

Айшадай бәйбішесінің рұқсатымен  
Некемен Сәлиманды Танаш алған.  
Сәлиманнын туыпты Тарышы ата  
Сөзімнің бәрі де рас, емес жалған.

Шежірелерге, тарихи деректерге, Қожаберген жыраудын «Ата тек», «Баба тіл», «Елім-ай» дастандарына сүйенсек қазіргі Солтүстік Қазақстан облысындағы Керейлердің көпшілігі (Самай, Балта, Көшебе керейлерден басқалары) Тарышының Ақсары атасынан тарайды. Күрсарыдан тарайтын ұрпақтар Омбы, Ақмола облыстарында қоныстанған. Матақай, Есенбақты, Нұрымбет, Көшебенің Әлмәмбетінен тараган ұрпақтары негізінен Қостанай облысында тұрады. Тезагайдан тарайтын ұрпақтар: Самай, Қапсыт, Шағалак, Әлдеберлі, Еменәлі, Керейлер, Сибан, Балта, Көшебелермен бірге Солтүстік Қазақстанда тұрып жатыр.

## ТАРЫШЫДАН ТАРАГАНДАР

Тарышыдан – бір бала: Шимойын, одан – 3 бала: Естияр, Достияр, Есжияр. Достиядан 3 бала: Смайыл, Смағұл, Ыңсақ. Смайылдан – 5 бала: Ақсары, Жансары, Құрсары, Матақай, Тезағай. Тезағайдан – 3 бала: Әйтеке, Тәйтеке, Һәйтеке (Самай). Әйтекеден – бір бала – Қанай, одан – 2 бала: Әлдеберлі, Шагалақ. Тәйтекеден – бір бала – Мамай, одан – бір бала – Қапсыт. Қанай мен Мамай ерте қайтып, олардың жесір қалған әйелдерін әменгерлік жолымен Бәйтеке алады да олардың балалары Әлдеберліні, Шагалақты, Қапсытты өз балаларымен бірге тәрбиелеп өсіреді. Бәйтекенің өз кіндігінен, өз бәйбішесінен 5 үл туган екен. олар: Жанбура, Толыбай, Жанкісі, Бақы, Шуай. Бәйтекенің самай шашы жасынан ақ болыпты да жұрт оны Самай деп атап кетілті. Содан одан тараған рұлы елді түгел Самай елі деп атап кетілті. Тағы бір аңыз бойынша қазақтар мен қалмақтар соғысы кезінде қазақтар қалмақтардың бір батырын өлтірген екен. Оның мініп келген шұбар аты көп уақыт бойы Бәйтеке (Самай) батырдың жерінде ешкімге ұстаптайды жүріпті. Содан Самай елі «Шұбар ат Самай» елі деп атап кетілті. Осы күнге дейін руың кім деген сұраққа біздің Самайлар «Шұбар ат Самаймыз» деп жауап береді.

Жоғарыда аталған Әлдеберлі мен Шагалақтан тараған ұрпақтар негізінен қазіргі Есіл ауданындағы Тауагаш ауылында тұрады. Олар туралы сол ауылдың тұмасы жазушы Жақсыбай Семрат «Тауагаш деген ел едік» атты кітабында толық жазған. Ал Қапсыттан тараған ұрпақтар Жамбыл ауданындағы Қарақамыс, Жалтырша ауылдарында орналасқан. Олар туралы Қарақамыс ауылының тұмасы журналист Амандық Жантеміров «Атақоның Ақтомпак» деген кітабында жазған болатын.

Сондықтан Әлдеберлі, Шагалақ, Қапсыт ұрпақтары туралы бұл кітапта айтылмайды.

Сонымен Бәйтекенің (Самайдың) өз балалары: Жанбура, Толыбай, Жанкісі, Шуай, Бақылардан тарағандар туралы әңгіме ербітеміз.

Бәйтекенің ұлken ұлы Жанбураның бәйбішесінен 5 ұл болыпты: Құдайқұл, Жарылғап, Қожамқұл, Қожамберді, Құттымбет. Жанбураның інісі Бақы жастай қайтыс болып, оның әйелін әменгерлік жолымен Жанбура алыпты. Одан тұған баланың есімін Сары деп қойыпты. Сонымен Жанбураның балалары алтау.

Жалпы Бәйтекенің (Самайдың) ұрпактары негізінен қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының бірнеше ауылдарда қоныстанған. Енді соларды таратайық.



## ЫНТЫМАҚ АУЫЛЫ

Қазіргі Тимирязев ауданындағы Ынтымақ ауылында негізінен Жанбура, Тольбай, Құттымбеттен тарағандар қоныстанған. Оның ішінде біз Жанбураның үлкен ұлы Құдайқұлдан тараймыз.

### ҚҰДАЙҚҰЛ ӘУЛЕТІ

Жанбураның үлкен ұлы Құдайқұлда 3 бала болыпты: Арай, Қанай, Кенжетай. Арай мен Қанайдың ұрпақтарының алдыңғы легін ешкім айтып бере алмады. Сондықтан аздаған мәлімет қана бере аламыз.

Анайдан біздің билетініміз Жолтай, одан – Ермен, Шығанбай. Ерменнен – Төлеміс, Қажығали. Төлемістен – Серік. Серіктен – Қанат, Жанат, Алма, Роза, Марат, Гуля, Қарлығаш. Қажығалидан – Мәди, Мәкен, Балапан. Мәкеннен – Валерий, Тамара. Шығанбай балалары Тұмен облысындағы Армизон ауданында тұратын көрінеді.

Анайдан тарағандардың бірсынырасы Тимирязев ауданындағы Жарқын ауылында болса керек. Сол ауылдың тұмасы Бикен Сыралықызынан алынған дерекке қарағанда: Анайдан – Жылқыайдар, одан – Қаржау, одан – Құртікбай тұған. Құртікбайдан – Жанқасқа, Аңдамас, Наурызбай, Оразбай. Жанқасқадан – Қайыр. Аңдамастан – Шибіт, Сыралы (Бикеннің әкесі). Наурызбайдан – Қанай. Оразбайдан – Ілияс. Қайырдан – балалар бар дейді, бірақ ешкім есімдерін білмеді. Шибіттен – Мағрипа, Құрмаш, Еркеш, Торгай. Сыралыдан – Бикен. Сыралыда ұл болмағандықтан ағасы Шибіттің Еркеш деген баласын бауырына салып өсіреді. Сейтіп, Еркеш Сыралин атальып кеткен. Еркештен – Бейбіт, Зуқан, Зураш. Сыралы ағаштан түйін түйген шебер болса, зайыбы Әсия көп жыл ауылдық кеңестің төрағасы (ауылнай) болған екен.

Қанайға жататындарды «Ынтымақ» ауылында «Қалпақтар» деп атайды. Қалпақ деген кісі болған ба, әлде лақап аты ма, ол арасын ешкім білмейді. Енді осы Қанайларды білгенімізше таратып көрейік. Біздегі деректер бой-

ынша ең аргы аталары: Елеусіз, Бекмырза, Шолақ. Елеусізден – Шегебай. Бекмырзадан – Шонты, Қожбан, Божбан. Шонтыдан – Дәуіт. Қожбаннын – Татым, одан – Ахмет. Ахметтен – Мағжан, одан – Мұқаш, Майра. Мұқаштан – Арап, Бейнегүл. Божбаннын – Қомыт, Шоқпыйт. Қомыттан – Сәмембет, Тұрпан. Сәмембеттен – Сәуле, Болат, Қанат, Сапар. Тұрпаннан – Рабиға, Куаныш. Шоқпыйттан – Балғожа, одан – Ақынбай, Тәшен, Бәшен. Тәшеннен – Шолпан, Есенғали, Бағыт, Құләйра. Есенғалидан – Римма, Бекежан, Бекет, Сагат, Талғат, Азамат. Дәуіттен – Бөпеш. Бөпештен – Белекбай, одан – Қабдолла. Қабдолладан – Тәуке, Қайни, Төлеу, Алтын.

Шолақтан – Ақжан, Жаманқұл, Шери. Ақжаннан – Сатыпалды, Мықтыбай, Жылқыбай, Бекет. Осы Ақжанның атымен көптен бері (нақ қай жыл екенін ешкім білмейді) қазіргі Тимирязев ауданындағы Ақжан селосы аталады. Сатыпалдыдан – Ықтан, Жақтай. Ықтанинан – Кәсен, Әбілмәжін. Кәсеннен – Темен, одан – Мейрам, Қағаз, Айтеке, Рамазан, Нұрмагамбет, Дәүлетхан. Әбілмәжіннен – Есләм, Мәриям. Есләмнан – Есмағамбет, Досболат, Жанболат, Еркеш, Еркін, Қалам, Қалима, Гүлнәр. Есмағамбеттен – Жанат, Қайрат, Ойрат, Жібек. Досболаттан – 2 бала...

Жанболаттан – Жанат, Сәнет.

Еркештен...

Еркіннен – Ержан.

Жақтайдан – Шегір, Мақан, Қабдрашит. Шегірден – Амандық, Сәнке. Амандықтан – Бақытжан. Сәнкеден – Төлеген. Мақанинан – Қазихан, Қази. Жылқыбайдан – Серікбай, Кәли, Уәли, Сәден. Кәлиден – Сәлім, одан – Қанат, Роза, Гуля. Қанаттан – Куаныш. Мықтыбайдан – Құлымбет, Мандай. Бекеттен – Жақа, Базарбай. Жақадан – Секенай. Базарбайдан – Мәлике, Раушан, Хабира.

Шоқпыйттың бір баласы Қоқабай. Қоқабайдан – Дәнішке, Куандық. Дәнішкеден – Мұқаметқали, одан – Төлеген, Нұржан, Серғазы. Куандықтан – Қапез, одан – Қайыржан, Сүйіндік, Ерболат, Сүлеймен.

Қожықтан – Қабыл, одан – Текберген, Қақыбай. Текбергеннен – Сибан, Қинал, Аманжол. Сибаннан – Мейірхан,

Сейілхан, Мағрипа. Аманжолдан – Қайса, одан – Сейітқази. Қақыбайдан – Алпан, Байтас, Ақбөп. Алпаннан – Зейнолла (бұл Байтас баласы, оны Алпан өз бауырына салған). Зейнолладан – Құләйім, Құләмай, Бейбіт, Мархаба, Әділ, Ерсайын, Күмісбай, Еркін. Байтастан – Қалиолла, Үрдәш, Төлеу, Алма. Қалиолладан – Ерболат, Зайра, Айжан, Ләйла.

## КЕНЖЕТАЙДАН ТАРАҒАНДАР

Жанбураның үшінші ұлы Кенжетайдан – Ақбота, Байбота, Жанбота. Ақботадан – Шабан, Байсерке.

Шабаннан – Бозай, Найман, Қойман. Бозайдан – Жаңқабай, Тыштықбай. Жаңқабайдан – Құсайын, Әйіп. Құсайыннан – Айбас, одан – Төлеген, Медебай, Қарлығаш. Төлегеннен – Руслан, Людмила. Русланнан – Темірғали. Тыштықбайдан – Жәмила, Сейілбек (Сейілбек Жәмиладан туған жиені, бауырына салып, өз атына түсірген). Сейілбектен – Гүлнэр, Әміржан, Әлия, Ақтамақ, Бауыржан, Ақбаян, Саян.

Найманнан – Сапак, Сыздық, Бексұлтан, Тілеуберді, Қарынбай. Найман да, оның үлкен ұлы Сапақ та ел ағасы болған адамдар. Сапақтан ұрпақ жоқ. Сыздықтан – Ахметжан, Мұқан, Құрман, Омар, Хамза. Ахметжаннан ұрпақ жоқ. Мұқаннан – Қайролла, Нығыметжан, Қабылқайыр. Қайролладан – Роза, Сара, Гүлнэр, Марат. Розадан – Жұлдыз, Гүлнәз. Сарадан – Жанар, Жәдігер. Гүлнәрдан – Олжас. Мараттан – Надия. Олжастан – Мухаммад.

Қабылқайырдан – Болат, Қанат, Мәдина. Болаттан – Куат, Даниал, Айтжан. Қанаттан – Илияс, Индира.

Құрманнан – Шәріп, Қайыржан, Құлжамал. Шәріптен – Дулат, Роза, Раушан, Рая, Серік, Даulet, Даурен, Дауренбек. Дулаттан –

Омардан – ұрпақ жоқ. Ол соғыста қайтыс болған. Хамзадан – Мәлік, Жақсылық, Сүйіндік, Айтмағамбет, Сайлау, Бағыт, Есмағзам, Есмағамбет, Зұбира, Құлзира. Жақсылықтан – Айгүл, Мұрат, Марина, Әсел. Мұраттан – Жәмила, Аида, Ербол. Айтмағамбеттен – Азamat, Жасұлан, Аслан, Әлия. Азаматтан – Нұргүл, Әсемгүл. Жасұланнан

– Эйгерім, Айым, Элихан. Асланнан – Мадияр. Сайлаудан – Жанна, Дина, Бахтияр. Бағыттан – Мәдина. Есмағамбеттен – Эльмира, Арман.

Бексұлтаннан – Бәтима, Мұслима, Қайыржан.

Тілеубердіден – Бикен, Теміргали, Сатыпалды, Имаш.

Қарынбайдан – Қайранас. (Қайранасты кейін Тілеуберді қолына алып, өз атына түсірді. Сондықтан ол Тілеубердин атанды). Қайранастан – Баян, Абай, Абылай, Райхан, Райса, Абылайдан –

Қойманнан – Сүгір, Қаби, Билал. Сүгірден – Шұғайып, Жүкен, Алма. Шұғайыптан ұрпақ жоқ. Жүкеннен – Ұмысын, Марлан, Дарияш, Қанат, Сандуғаш, Асылтас. Марланнан – Нәзігүл, Бақтығүл, Еркебұлан. Қанаттан – Талғат, Әсем, Айсұлу.

Қабидан – Қажынәсіп, Зейнолла. Қажынәсіптен – Ұлан, одан – Лена, Изольда, Бибігүл. Зейнолладан – Гүлсім, Қаламқас, Болат, Мәрияш, Марат. Болаттан – Асхат, Әсел, Әсия. Мараттан – Ойрат, Динара, Шұғайып. Ойраттан – Мерей, Данияр.

Билалдан – Сейту (Сейтқази), Құлзағи, Құлжамал, Сейітбаттал. Сейтуден – Фалия, Қаршыға, Еркін. Сейітбатталдан – Анар, Жанар, Аскар, Фалия, Динара.

Байсеркеден – Қызай, Бекен, Ораз. Қызайдан – Жұмтаі. Бекеннен – Төлеш, Молдаш. Төлештен – Қайыржан, Зағипа, Бәкіш. Ораздан – Шәңкілдік, одан – Бүйен, Бекқожа, Қайыrbай, Нұргожа, Сейдахмет. Бүйеннен – Қара, Жәкіш (қызы), Айқынбайдан – Талаш, Серік, Зайра, Майра, Алма. Нұргожадан – Адақан. Сейдахметтен – Бағыт.

Кенжетайдың екінші баласы Байботадан – Жансақал, Бисақал, Айтқұл.

Жансақал қажыдан – Жұсіп қажы. Жұсіптан – Ұмысын сұлу, Тілеміс. Тілемістен – Тоқай, Шоқай, Мұқаметқали (Мұқаш), Сұлтан, Мырзай, Қадый, Жәпен. Шоқайдан – Батырхан, Қосмұқан. Мұқаштан – Қалихан, Бәтима, Темірхан, Қазихан, Рақима, Асылхан. Сұлтаннын – Қымбат, Амангелді, Амантай, Бахтияр. Мырзайдан – Балшекер, Бәләпай, Өнуар, Имантай, Балжан, Айжан, Айтжан.

Бисақалдан – Шолжақай, Құдабай, Мағзұм. Шолжақайдан – Қази, Қари. Қазидан – Қағи, Жамақ. Жамақтан – Ерсін, Ергали, Еркін, Ерболат, Жанболат, Тәттімбет, Әсет, Аманжол, Айсұлу, Ақмарал, Ақдидар.

Ерсіннен –

Ерғалидан – Ерлан, Ақбидай, Айгүл, Роза.

Еркіннен – Әсемгүл, Әлия.

Ерболаттан – Айнагүл, Ұмсын, Гұлсім.

Жанболаттан –

Тәттімбеттен – Әйгерім, Асан, Талғат, Сұлтан.

Әсегтен – Мейрам.

Аманжолдан – Тамерлан.

Қаридан – Қабдрашит. Ешмұқаннан – Шайзат, Қуаныш, Қенес. Айтқұлдан – Магзұм, одан ұрпақ жоқ. Жамақтың тұнғышы Ерсін нағашысының бауырында өскен, сондықтан Мәжепов деп жазылып жүр.

Жанботадан – Байсақал, одан ұрпақ жоқ.

## ҚҰТТЫМБЕТТЕН ТАРАҒАНДАР

Ынтымақ ауылында Жанбураның Құттымбет деген баласынан туған Барак әuletі қоныс тепкен.

Барактан – Нөгербек, одан – Артықбай, Шортықбай, Бектұрган, Әбүйір. Артықбайдан – Сағындық, Сагит. Сағындықтан – Сағынбай, Аққарын. Сағынбайдан – Құлдәрай. Сағиттан – Фалым, Әлім. Әлімнен – Серғазы, Байғазы, Жанғазы, Жақсылық, Амантай, Ботагөз, Қалима, Фалия.

Шортықбайдан – Рамазан, Қыдырма, Ережеп, Құрман, Нұргали. Рамазаннан – Мәуия, Зейнел. Мәуиядан – Қайыржан, одан – Қабиден, Амангелді, Зейнэт. Қабиденнен – Қыдыр. Қыдырмадан – Тастанір, одан – Қасшәріп, одан – Тұяқбай, Есенбай, Баттал. (Тұяқбай – Нұргали баласы). Тұяқбайдан – Серікбай, Болат, Қайрат, Марат. Серікбайдан – Бауыржан, Азамат.

Есенбайдан – Ғазез, Жанат, Назкен, Марина, Аягөз, Әлия.

Батталдан – Марат, Қанат.

Ережептен ұрпақ жоқ. Құрманнан – Ақтас, Бектас. Актастан – Құдайберген, Бұркіт, Дәulet, Сәкен.

Бектұрганнан – Қанаш, одан – Жанқайыр, Қайыржан, Қайролла, Қайыржамал, Құлжамал, Төлеген. Жанқайырдан – Жанболат, Қайрат, Ерболат, Сәүле, Зәуре. Қайыржаннан – Серік, Руслан. Төлегеннен – Тілеген.

Әбүйірден – Қабдөш, одан – Серікбай, Әмина, Елубай. Елубайдан – Махамбет.

Осы Ынтымақ ауылында Толыбайдың Төлеке, Жапа атты ұлдарынан тараға аздаған қауым бар. Енді соларға тоқталайық.

## ТӨЛЕКЕДЕН ТАРАҒАНДАР

Төлекеден тараған тұрғындар өздерінің сол атаға қай жерден қосылатындарын білмейді. Сондықтан ауылдағы Төлекеге жататындарды өзіміз білетін аталарынан бері қарай ғана таратамыз.

Сонымен Төлекеге жататындар:

Шоқай, Тоқбай, Жолдыаяқ, Байбан, Жабал, Қойжан, Байсаябай. Шоқайдан – Баймұса. Жолдыаяқтан – Қали-ақбар, Кәрібай, Баймырза. Баймұсадан төрт бала: Бәри, Серікбай, Мәлік, Қабен. Бәриден – Еркеш, одан – Бакыт, Руслан, Женіс. Бақыттан – Амангелді, Жәнібек. Русланнан – Әйгерім, Темірлан, Ерсал. Женістен – Дамир, Даниал.

Серікбайдан – Роза, Балапан, Алма, Сақыш, Әсия, Еркін.

Мәліктен – Сайлау, Еділ, Жайық, Мәриәм, Жұмаш, Куаныш. Сайлаудан – Гүлнэр, Рұстем, Гүлжібек, Әзия, Рустам. Еділден – Гүлден, Әлия. Жайықтан – Жасұлан, Райгүл, Берік. Жұмаштан – Әсем, Қайрат, Алмат.

Тоқбайдан – Мұса, Мұстанай, Қозыбай. Мұсадан – Қанапия, Мыста, Есбай. Қанапиядан – Есен, Ертай. Есеннен – Ербол, Дина. Ертайдан – Ермек, Айнұр. Есбайдан – Ләззат (Алма), Есет, Самал, Сағым, Саягүл, Лиза, Риза. Мұстанайдан – Куаныш, Метес, Тыным, Майра, Гүлнэр, Бопан. Метестен – Асқар, Раушан. Тынымнан – Амангелді, Роза, Болат, Руслан, Динара. Қозыбайдан – Әбу, Майра.

Жолдыаяқтан – Қалиақбар, Кәрібай, Баймырза. Қалиақбардан – Мәкен, Әтәй, Дүйсен. Мәкеннен – Әскер, Галиәскер, Бекежан, Болат, Мейрам. Әскерден – Самат, Руслан. Болаттан – Альбина, Азамат. Әтәйдан – Дулат, Айтқожа, Ләззат. Дүйсеннен – Ботагөз.

Баймырзадан – Мақпұза, Қарлығаш, Ермек. Ермектен – Айнаш, Ниязбек, Динара, Әсел, Данияр, Самал, Макпал.

Байбаннан – Дүйке, Бөжен. Дүйкеден – Зейнеп, Кәма. Бөженнен – Сапарбек, Әділбек. Әділбектен – Сырым, Қырым, Нұрым.

Байсалбайдан – Әбу, Әубәкір. Әубәкірден – Төлеу, Қайыргелді. Қайыргелдіден – Ренат, Серік.

Әлкебайдан – Мұқажан. Мұқажаннан – Сәруәр (Сәуken) – Қойжан Байғабылұлы да Төлекеге жатады.

## ЖАПАҒА ЖАТАТЫН ТҰРҒЫНДАР

Нұркебай. Нұркебайдан – Көпжасар, Құрман. Көпжасардан – Загипа, Мейрам. Загипардан – Мұрат. Мұраттан – Нұрмағамбет, Анар, Жанар. Құрманнан – Мейраш.

Сәрсенбайдан – Таласбай. Таласбайдан – Қайыржан, Нурила, Балтабай. Қайыржаннан – Қайыржамал, Салтанат, Қайрат, Ерлан, Талғат. Балтабайдан – Ойрат, Гүлмира, Эльмира, Әсем.

Таңатардан – Жаңбырыши. Жаңбырышыдан – Әжімұрат, Ағыбай. Әжімұраттан – Бикен, Қадиша, Бәдиша, Зейнеп, Нұрмаганбет, Құлмағанбет, Қәртай, Кәрім. Қәртайдан – Александр. Кәрімнен – Рәшит, Ертай, Ержан, Қанат. Ағыбайдан – Қамбар, Баттал, Тельман, Жетпіс, Қабидолла. Қамбардан – Есләм, Есілбай, Құлзипа, Нұрзипа, Нәзила. Батталдан – Тілеген, Жолдыбай, Шайзат, Сәуле. Тельманнан – Орал, Қайырлы, Аскар, Найттан, Ғұлнэр, Найгүл.

Жападан – Амантай, одан – Боранбай, одан – Бектас, одан – Аношке. Аношкеден – Иманбай. Иманбайдан – Іншек, Айтқожа, Серік, Бәтила. Серіктен – Бүркіт, Амантай, Абай, Едіге, Куандық, Тарғын, Бәтима, Құралай, Еділ, Қозы, Қозыбай.

Шөпеннен – Шойтемір, одан – Кәсен, одан – Онбай. Онбайдан – Сағындық, Балқадиша.

Маймактан – Дүйсенбай. Одан – Сапарғали, Бижан. Сапарғалидан – Күлбәршін, Күлдәрай, Дәмелі, Марат, Дәүлет. Мараттан – Бауыржан, Бәтима.

Таскеннен – Дүйсенбай, одан – Секен, Секеннен – Райгүл, Аян, Жанзия, Жазира, Ербол, Айбала, Жаңыл.

Жайлаубайдан – Сұлтан. Сұлтаннан – Серік, Серікбай, Айман. Серіктен – Әскер, Сәуле.

Әбдірахманнан – Шаймен. Шайменнен – Тайлақ, Ертайлақ, Гүлжан.



## ЖАЛТЫР АУЫЛЫ

Жанбураның бесінші баласы Құттымбеттен – 4 бала:  
Түмен, Қожан, Бигабыл, Барақ.

Түменнен – Нұржан, Айжарқын, Байжарқын.

Нұржаннан – Қосақбай, Таңатбай, Аманбай. Қонақбайдан – Жәкі, Әлбатыр, Кәләкін. Жәкіден – Кәләкібай, одан – Қайретден, одан – Қанарабек, Сабыр, Әділбек.

Кәләкіннен – Атымтай, одан – Нұрмағамбет, одан – Ергали. Ергалидан – Асан, Аслан.

Таңатбайдан – Итбас, Дүйсембай, Күзембай. Итбастан – Иса. Дүйсембайдан – Мұстапа, одан – Тұрғын, Тұяқ, Тұрлы.

Тұрғыннан – Баян, Баймағамбет, Досым, Әміржан. Баймагамбеттен – Мұрат, Марат, Маралбек, Мұқит, Мақсат. Досымнан – Мықтыбай, Мұхтар. Әміржаннан – Сейсенбек, Сержан. Сейсенбектен – Дастан, Жалғас. Сержаннан – Еркін. Тұяқтан – Кәкім, Қасым. Кәкімнен – Мейрам, Мейраш. Қасымнан – Жанатай, Ерболат, Ерлан, Жанболат. Жанатайдан – Нұрлан, Нұржан, Алмас, Жәнтік.

Тұрлыдан – Аманжол (Аманке) –

Айжарқыннан – 4 бала: Есілбай, Ертісбай, Мыңжасар, Елубай. Есілбайдан – Шаймерден, Төлебай. Шаймерденнен – Тілепалды. Одан – Қайыр, Қайырбеш. Ертісбайдан – Мұқан, Ыбыш, Райымқұл, Нұрпейіс. Мұқаннан – Серәлі. Ыбыштан – Сансызбай, Әлім. Сансызбайдан – Жақсылық, Болат, Қанат. Қанаттан – Данияр. Райымқұлдан – Қаусыл, Қожагали, Молдаш. Қожагалидан – Мәмбет. Молдаштан – Чапай, Жолымбет. Нұрпейістен – Сандыбай, Қосман. Мыңжасардан – Сұраган, одан – Мырзатай, Есләм, Сабыр, Бәжен. Мырзатайдан – ...

Осы кітапта келтірілген Омбы облыстық архивінен (369 қор, 1 тізбе, 9335 іс) алынған «Выборы должностных лиц по Смаиловской волости Петропавловского уезда на Трехлетие 1914-1916 г.г.» деген құжатта: «На должность народных судов (биев) аулов № 3 и № 5 выдвинут Шаймерден Есилбаев – 50 лет» деп жазылған. Әрине, ол текстен-тек би болып сайланбаған. Бұл кісі кезінде сөзге шешен, елге

көсем би болған. Онын асқан шешендігі туралы академик жазушы Сәбит Мұқанов «Өмір мектебі» кітабында жазған. Шаймерден би талай дау-дамайда өзінің ата дәстүрін, қа-зақтың әдет-ғұрпышы жақсы білгендігімен әрі тілінің ше-шендігімен, әділдігімен қарсыластарын жеңіп отырған.

